

«Abyroi School Orab» ЖШС 2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың жылдық жұмысының есебі.

2024-2025 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әлауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.12.2022ж № 506 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

1. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу
2. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы
3. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс
4. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы
5. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс
6. Диагностикалау-талдау қызметі

1. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы:

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды.

Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасакталды.

Мектептегі жалпы оқушы саны-695

Толық отбасында тәрбиеленіп отырған оқушы саны-691

Толық емес отбасында тәрбиеленіп отырған оқушы саны-4

Көпбалалы отбасындағы оқушы саны-85

Тек әкесімен тұратын оқушы саны-0

Тек анасымен тұратын (әкесі қайтыс болған) оқушы саны-4

Өгей әкесімен тұратын (анасының екінші некесі бойынша) оқушы саны-7

Өгей анасымен тұратын оқушы саны-0

АСП алатын отбасындағы оқушы саны-0

Әлеуметтік мәртебеге не отбасынан шыққан оқушылардың әлеуметтік жағдайы сынып жетекшінің қатысуымен бірге зерделеніп, арнайы әлеуметтік көмекті қажет етпейтіндігі анықталды. Мектебіміздегі оқу құнын төлеу

кезінде, ата-анамен құрылған келісімшарттың №2 қосымшасында көрсетілгендей: көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға 10% және бір отбасынан екі және одан да көп оқушы оқыған жағдайда бір балаға 10% (пайыз) жеңілдігі есептеліп берілді. Осы бойынша 87 оқушыға жеңілдік берілді.

2. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы туралы

Бұл оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілді. Балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар мектептің әлеуметтік желілерінде жарияланды. Сонымен қатар әр сынып оқушыларына сабақ үдерісі барысында арнайы түсіндіру мен кеңес беру және оқушылардың ойындағы сауалдарына талқылау жұмыстары жүргізілді. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды. Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес ұйымдастырылып жүзеге асырылды. Өгей әке тәрбиесіндегі қыз балалармен мектеп психологімен біріккен жекелей әңгімелесу жұмыстары жүргізілді.

3. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы

Бұл бағыт бойынша, арнайы санатта есепте тұрған оқушылар жоқ болса да кәмелеттік жасқа толмағандар істері жөніндегі инспекторларымен арнайы кездесу ұйымдастырылып мектеп оқушыларына түсінік беру жұмыстары бұо оқу жылында да жүргізілді.

Жыл бойына «түнгі қала» рейдтерінің жұмысы жүйелі жүргізіліп отырды.

4. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғанышылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.

Қоғаммен адамгершілік сау қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында «Қамқоршылар күндері» айлығы негізінде мектеп оқушыларының қатысуымен арнайы жиналған қажетті ойыншықтар мен тәттілерді балалар үйіне табыстау жұмысы жүзеге асырылды.

Жоспардың осы бөлімі аясында «Мен өмірді таңдаймын» тақырыбында нарколог маманымен кездесу ұйымдастырылып, оқушылардың зиянды өнімдер туралы білімін кеңейту жұмысы жүргізілді. Оқушылар өз сауалдарын қойып кеңіне ақпарт алды.

5. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмыста басымдық әлеуметтік мәртебеге не отбасынан шыққан оқушыларға берілді. Өгей әкесімен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, мектеп психологі оқушылармен жеке сөйлесулер жүргізді. «Балалардың бақытты балалық шағы-біздің ортақ міндетіміз» тақырыбында мектеп психологімен біріккен тренинг-семинар жүргізілді.

6. Диагностикалау-талдау қызметі туралы

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау жұмысы жүргізілді. Оның ішінде, мектептегі оқу-тәрбие үдерісі, арендатор есебінен берілетін ыстық тамақ пен буфеттік тамақтану мәселелері талданып қорытындыланды.

Жоғарыда ақтқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамыз:

- Мектепте атқарылатын әлеуметтік-педагогикалық жұмыстардың нәтижелігін арттыру үшін «мектеп-ата-ана-оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;

Әлеуметтік педагог: С.М. Умирзакова

5. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмыста басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді. Өгей әкесімен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, мектеп психологі оқушылармен жеке сөйлесулер жүргізді. «Балалардың бақытты балалық шағы-біздің ортақ міндетіміз» тақырыбында мектеп психологімен біріккен тренинг-семинар жүргізілді.

6. Диагностикалау-талдау қызметі туралы

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау жұмысы жүргізілді. Оның ішінде, мектептегі оқу-тәрбие үдерісі, арендатор есебінен берілетін ыстық тамақ пен буфеттік тамақтану мәселелері талданып қорытындыланды.

Жоғарыда ақтқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамыз:

- Мектепте атқарылатын әлеуметтік-педагогикалық жұмыстардың нәтижелігін арттыру үшін «мектеп-ата-ана-оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;

Әлеуметтік педагог: С.М. Умирзакова

